

Джан Амани

Оқжетпес



Джан Аманин

Оқжетпес

Текст предоставлен правообладателем

http://www.litres.ru/pages/biblio_book/?art=63910836

Оқжетпес: [әңгімелер жинағы] / Джан Аманин: Aspandau; Алматы;

2020

ISBN 978-601-7588-36-6

Аннотация

Талантты қазақстандық жазушы Джан Аманиидің ғажайып хикаясы бір ауылдың өмірі: оның тарихы, ауыздан ауызға тараған аңыздары мен риуаяттары және оның тұрғындары бастан кешкен таңғаларлық оқиғалар туралы баяндайды. Авторды әңгімені жазуға тазы тұқымды ит Оқжетпес шабыттандырды.

Жазушы иттердің осы тұқымына деген махаббаты мен құрметін кітап кейіпкерлері – Досжан қария және оның немересі Бақытбек арқылы жеткізді.

Содержание

Ана бүркіт Өткіркөз	5
Досжан ата және оның оқиғасы	8
Оқжетпес	16

Джан Амании

Оқжетпес

© Джан Амании, мәтін, 2019

© Айгүл Хәкімжанова, иллюстрациялар, 2020

© «Aspandau» баспасы қазақ тіліндегі басылым,
2020

© ARTQRAFT, безендіру, 2020

Ана бүркіт Өткіркөз




Аспанда ана бүркіт қалықтап жүр. Күн сайын ауыл тұрғындары оған қарап, шақырайған күннен көздерін алақандарымен көлегейлеп, жоғарыға зер салатын. Қандай жағдай болса да ана бүркіттің қалқып ұшуы олардың ойларын тыныштандырады, ал адамдар қорғанышты сезінгендей өз істеріне оралады. Қанша жыл өтсе де ана бүркіт ауылдың үстінен күн сайын қалықтап жүретін.

Ақсақалдар ертеде осы ауылда даңқты әйел тұрғанын сөз етеді: оның мінезі момын, көздері мейірімге толы, шашы ұзын болған. Ол таңертең шаштарын өріп, ал түстен кейін оның жалғыз ұлы бұрымын әшекейлеген сыңғырлаған шашбауымен ойнайтын. Сәби анасының иығында ұйықтағанды жақсы көретін және оның ұйқыға берілгені соншалық балалардың айқайы да, иттердің үргені де баланы оята алмайтын. Әйел ұлын ерекше әлпештейтін. Алайда бір күні ол жоғалып кетті.

Баланы анасы ұзақ іздеді, ұлының тау көліне батып кеткенін білгенде, ол қайғыға шыдай алмады. Ана бүркіт те әйел қайтыс болғаннан кейін аспанға көтерілген еді, ал тұрғындар жұбаныш таппаған ананы дәл осы бүркітке айналды деп ойлады. Жылаған бала даусын естігенде ана бүркіт жақын жерде пайда болып, сәбилердің бетіндегі жас құрғағанша ұшып кетпейтін.

Қанша жыл өтсе де күн сайын адамдар көктегі ана бүркітті көріп, ол ауылды бәле-жаладан қорғайды, балалар жылап,

аналар қайғырмас үшін туған жерінде бөгде жандардың құй-
тырқы ойларына жамандық жасауға жол бермейді деп сенді.



Досжан ата және оның оқиғасы



Мейірімді және адал жан Досжан ақсақалдың көптеген бастан кешкен оқиғалары болатын. Досжан бүкіл өмірін туған ауылында өткізді және өткен-кеткеннің бәрін есінен шығармайтын. Бүркіт пен көл туралы аңызды ол ерекше махаббатпен айтатын: ол ана бүркіт Өткіркөздің қарапайым құс емес екеніне шын жүректен сенді...


Қария Көксу көлі туралы айтқанды да ұнататын. Биік тауда орналасқан көлді ауыл тұрғындары қастерлейтін. Ақсақалдар бұл жерде бұрын терең шатқал болғанын, бірақ жер сілкінісінен кейін ол көлге айналғанын айтатын. Түсі көк болғандықтан, ол аспанмен бірігіп, көлдің қайдан аяқталып, аспанның қайдан басталатынын әрдайым анықтау мүмкін болмады...

Тек жел соғып, судың беті шымырланып бұжырланған кезде ғана аспан мен толқыған тау көлін адамдар ажырата алатын еді. Мөлдір көк суы үшін тұрғындар көлді Көксу деп атады.

Кейде күннің ыстығы басылған кезде жастар Досжан ақсақалдың дастарқанында жиналып, балалар өз сүйікті ауылы туралы әңгімелерді тыңдауға жүгіріп келетін.

Досжан атаның қазақи тазы тұқымды өте ақылды иті болды, ол оны Алапар деп атайтын. Итсіз аңшылықтың өзі ақсақалға қуаныш сыйламай, ауланың іші де бос көрінетін. Досжан ата итін шақырып алып, жотасын жаймен сипап тұрып, өз әңгімесін бастайтын:

– Әр ауылда мешіт пен мектеп бола бермейді, бұл – шындық. Қымбаттыларым, біздің жолымыз болды. Ал егер ана бүркіт пен мына менің итім болмаса, тіптен басқаша өмір сүруші едік...



Ол кезде жас болдым, пысық, білімқұмар едім. Мен тау көліне барып, құстарды тыңдап әрі ауасымен тыныстағым келді. Итім Алапарды шақырып, атқа мініп, тау соқпағымен жоғары тарттым. Менің көзіме күн сәулесінің төгілгені соншалық, қалпағыммен тасалауға тура келетін. Қалпағымды көзіме түсіріп, оның астынан жолға қарадым, ал Алапар болса қасымда жүгіріп жүрді, мені қалдырмады... Кенет ол қатты қобалжып, қыңсылай бастады. Содан соң күн бұлттар арасында ғайып болды, мен өзімді жайсыз сезіндім, ал жылқым болса қатты кісінеп жіберді... Айнала лезде қараңғыланды...



«Жаңбыр жауайын деді ме», – деп ойлай бергенде жоғарыда бірдеңенің ұшып бара жатқанын естідім. Қанаттарын қатты соғып, жақындай түсті... Мен асығуым керек екенін түсіндім. Ауыздықты тарттым, атым шаба жөнелді. «Менің итім жақын жерде, оның жанында онша қорықпаймын», – деп ойладым.

Сокпақтан орманға қарай бұрдым, ал жүрегім кеудемде қатты соғып тұрды... Бірақ мен өтуге болатын тіпті тар жолды да байқамадым, ал айналадағы орман бейтаныс болып көрінді... Мен қысылып, иығымды көтеріп, басымды шайқадым да: «Жолды ұмытатындай әлі қартаймадым ғой», – деп ойлап, терең күрсіндім. Жан-жағыма қарап, алыстағы тау көлін көрдім. Мен көлге әдеттегі үйреншікті жағынан келмегенімді түсіндім... Аттан түсіп, орман арқылы Алапардың ізімен жүрдім.

Көлге жеттік. Аспанда күн қайта пайда болды... Бала кезден таныс көл өзіне ұқсамады. Судың бетінде айнадағыдай

шағылысып бұйра бұлттар көрінді... Күн сәулесін төгіп, асыл тастар сияқты жарқырап тұрды... Сұлулықтан есеңгіреп, балалық шағымды еске түсіріп, көлге және табиғатқа сүйсініп қарадым... Кенет жақын маңдағы ағаштар шуылынан, қанаттардың қатты даусынан айналаға жалт қарамау мүмкін емес еді. Тіпті Алапар да жалт етті... Бұл ана бүркіт еді.

Біздің ауылда оны Өткіркөз деп атайтын. Оны ерекше санайтын, өйткені ол бүркіттердің әдетте қараңғыда ұшпайтынына қарамастан күнде де, түнде де көрінетін еді. «Неліктен ана бүркіт маған көрінді? Шамасы, бұл кездейсоқ емес», – деп ойладым ішімнен. «Демек, бір маңызды нәрсе болуы керек... Мен оған жан-тәніммен сенемін, өйткені әкем мен атам да рухтар біздің ауылды зұлымдық пен жамандықтан қорғайды деп сенген...»

Осы жерде Досжан үнсіз қалды, ал балалар бұл оқиғаны бірнеше рет естігенімен, құлақ түріп тыңдады. Досжан қария күлімсіреп, итінің құлағының астын қасып қойып, әңгімесін жалғастырды:

– Ана бүркіт көл айдынын айналып өтті және ол жерден ұшып кетпеді. «Ол мені шақырса ше?» – деп ойладым да көлге жақын жүрдім. Біздің Өткіркөз қандай әдемі еді...

Ана бүркіттің көл бетіне жақындап, төменге қарай екпіндей ұшқанынан қанаттары суға тигенін байқадым...

Содан соң ғажап, су бетінде көпіршіктер пайда бола бастады, алдымен кішкентай, кейін одан сайын үлкейе түсті...

Маған бұл жерде су қайнап жатқан сияқты боп көрінді... Ал ана бүркіт биікке көтеріліп, көзден таса болды... Алапар суға беттеп маған қарады да, қыңсылай жөнелді. Иттің мені көлге шақырғанын түсіндім. Ол жер таяз болатын. Мен баяу жүрдім...

«Су неткен мұздай, аяқтарым тартылып қалмаса болды», – деп ойладым. Мен көпіршіктер пайда болған жерге жақындай түстім және қадам басқан сайын қорқынышымды көл шая берді. Айналамда қайнап жатқан судың арасынан мен су астындағы үлкен бір нәрсені байқадым... Ол жерде не жатқанын білгім келді. Мен қолымды суға салып, лай басқан құмыраны алып шықтым. Онда көне тиындар болды... Оларды көйлегіме сүрткіледім... Тиындар нағыз алтындай жарқырады. Мен қуана айқай салып, итім Алапарды қатты құшақтап алдым. Біз тез жағаға жүгірдік...

Қуаныштан аяқтарымды сезбестен атқа мініп, қазынаға толы құмыраны көрсету үшін ауылға қарай шаптым. Біздің қорғаушымыз мені сол жерге шақырғаны себепсіз болған жоқ деп санаймын, және қазынаны тапқаным да кездейсоқ емес. Біздің ана бүркіт көмектесті. Бала кезімде мен оқуды армандайтынмын, бірақ біздің ауылда мектеп болмады... Менің атам діндар адам, біздің өлкеде мешіт жоқ деп жиі шағымданатын... Ол қатты қартайып, соқыр болса да қайталай беретін: «Біздің ауылда Құдайдың үйі жоқ... Біз дұға етіп, Құдайды ұмытпауымыз керек, жақсылықтар көп болады және жанымызда зұлымдық та болмайды...»

Мен ол кезде өте жас едім, атамның сөздері кеше естігендей әлі есімде... Сондықтан мен мешіт пен мектеп салуды ұйғардым. Мен өзім сауатсызбын, бірақ бұл маған мектептегі тәртіпті сақтауға кедергі келтірмеді. Тек шеттен келген мұғалімдердің бізбен ұзаққа қалмайтыны өкінішті».


«Досжан ата, бұл ана бүркіттің бізден бөгделерді алшақтатқаны ғой», – деді балалардың бірі. Бірақ Досжан қария тек қана итін сипалап отырды, ал қалғандары оқиғаның соңына жеткенін түсінді.



Досжанның Бақытбек атты немересі болған, ол атасының оқиғаларын жатқа білетін. Әсіресе Бақытбек Досжаннан қазынаны қалай тапқанын, мешіт пен мектепті қалай тұрғызғанын айтуын жиі өтінетін. Қария бүркіт пен қазынаның тарихын қайталаудан шаршамайтын. Досжан ата күлімдеп, немересіне: «Ер жетіп, білім алып, туған ауылыңа оралып, балаларға сабақ бересің. Мен мектеп салдым, ал сен сонда мұғалім боласың», – деп айтатын. Ақсақал қайтыс болған кезде оның иті Алапар иесінің соңынан аттанғандай жоғалып кетті және оны ешкім бұдан былай көрмеген еді... Ал ауылда ақсақалдың игі істері туралы ешкім де ұмытпады...




Оқжетпес



Ауыл тау бөктерінде орналасқан: жоталар шығыстан ба-
тысқа қарай жалғасып, сол жотадан Сарысу өзені сарқы-
рауда. Еңістегі қылқан жапырақты орман мен шалғайдағы
көз ұшына шалысатын тауының етегіндегі жұмсақ жасыл
шалғын жасанды кілемге ұқсайды. Бұл бір ғажап мекен!

Қыс кезінде ауылға баратын жолды қар жауып тастаған-
дықтан да жер бауыры жылынғанға дейін тұрғындар басқа
әлеммен байланысын үзетін еді. Ауылдағы өмір тоқтап қала-
тын, алайда адамдар оған бола қайғырмайтын. Себебі олар-
дың көңіл қуанышы тазы тұқымды иттер еді. Ерте кезден-ақ
бұл жердің тұрғындары тазыны жабайы аң мен құс аулауға
бейімдеген. Аңшылықта оларға тең келер ештеңе болмады.
Иттер өздерінің адалдығымен қоса ақылымен ерекшеленді.




Ауыл жануарлары ішінде тек итке ғана қожайынының үйіне кіруге рұқсат берілді.

Осылай көктем де келді. Жылуды сағынған жерге күн нұрын төккен сәтте ағаштың бұтақтары бүр жарып, оянған нәзік жапырақты тербеткендей күй кешті. Ауа да жұмсақ, ылғал болып кезбе күйге келетін. Құдды бар ауылдың үйіне еніп, көктемнің ерекше лебімен тербеп, толтырғысы келгендей.



Осындай күндердің бірінде біздің оқиғамыз да басталды. Сыныпта сабақ өтіп жатқан болатын, тіпті, көктемнің тамаша ауа-райы да балалардың назарын мұғалімнің айтқандарынан басқа жаққа аудара алмады. Оны Бақытбек деп атайтын, ол жас және өте байыпты болатын. Бірақ кейде қатал болып көрінсе де, шәкірттері оны ерекше құрметтейтін. Өз ісі-

не осынша адалдықпен қарайтын мұғалімді жақсы көрмей,
сыйламауға бола ма?



Балалар мұғалімді мұқият тыңдап отырды. Бақытбек барлығына өз табандылығымен жеткен. Ауылда туып өскен ол қалаға оқуға атанып, онда институтты жақсы бағамен аяқтады. Оны қалада қалуға қанша көндіргенімен, ол өзінің туған ауылына оралды, себебі ауылда құдайшыл қартаң жастағы анасы Дина тұратын. Дина имамның қызы еді. Анасын бар-

ша ауыл ерекше құрметтеп, ақыл кеңес сұрауға келетін. Қаладан келген соң Бақытбек үйленіп, мектепте жұмыс жасай бастады.



Таңертең сабақта үш баланың жоқ екені анықталды: Сапар, Ғали, Тимур. Олар сыныптағы ең белсенді және бір-біріне адал дос еді. Үшеуі сабаққа келмесе де мұғалім олардың даусын терезеден естіді. Олардың бір нәрсеге келісе алмай жатқаны білінді:

– Оны маған бер!

– Жоқ, ол менікі! – деген сөзді мұғалімнің құлағы шалды.

Бақытбек сыртқа шығып, сабырлы қалыпта:

– Балалар, сендер неге сабақта емессіңдер? – деп сұрады.

Мұғалім сол кезде олардың қолында кішкентай ғана күшіктің тұрғанын байқады.

– Ғали, сен күшікті қайдан алдың? – деп сұрады.

Басын төмен салбыратып, ол күшікті Сапарға берді:

– Мә, ал! Бұның маған қажеті жоқ!

Сапар күшікті қолына алғысы келмей басын шайқады:

– Тимур, ал, сен қалап едің ғой...

– Менің алғым келмейді. Анам рұқсат етпейді, – деп жауап қатты Тимур. – Өздерің ала беріңдер.

Үшеуі бастарын салбыратып тұрды. Ғали күшікті жерге қойып:

– Біз қыдырып жүріп, тауып алдық, – деп жауап берді.

– Бәрекелді, кім бізге қонаққа келген, – деп Бақытбек күшікті қолына алып, киміне орап, балаларға:

– Ал енді барындар, бұдан былай сабаққа кешікпендер, – деді.



Қуаныштан балалар бірден мектепке қарай жүгіре жөнелді. Мұғалім дірілдеп тұрған күшікті одан да қатты орап,

олардың артынан баяу жүріп келе жатып: «Енді мен сені не істеуім керек?» – деп ойлады. Кейін күшікті қатты құшақтады да: «Сені үйге апарайын...» – деді.



Уақыт өтті. Бақытбек асырап алған күшік өсіп, тазы тұқымды ақылды және әдемі итке айналды. Мұғалім оны Оқжетпес деп атады. Күн сайын таңертең Бақытбек сабаққа

баратын, ал Оқжетпес бір қадам да артта қалмай, мектепке дейін шығарып салатын. Содан соң есік алдына отырып, сабақтың аяқталуын күтетін. Кешке қарай Бақытбек екеуі үйге қайтатын.



Бірде ауыл аңшылары мұғалімге өздерімен бірге аң аулауға баруға ұсыныс жасады. Таңертең ерте шығу туралы шешім қабылданды. Күн әлі көтерілмеді, салқын жел бетті қарып барады. Ер азаматтар аттарына отырды, абалап үрген иттер бірінің артынан бірі жүгірді. Дайындық аяқталғаннан кейін барлығы жолға шықты. Ауыл алыстан лезде көрінбей кетті,

кенет иттердің үрген даусы естілді – олар олжаның иісін сезді. Аңшылар жылқыларын сол жаққа айдай бастады. Бірақ Бақытбек жылқысын асықтырмады. Ол иттердің біреуі қатарынан қалып қойып, ешқайда жүгіргісі келмегендей жерге жабысып жатқанын байқап қалды. Мұқият қараса, бұл үйде қалдырып кеткен Оқжетпесі екенін түсінді. Оқжетпес жақында күшіктейін деп жүр еді.




Мұғалім: «Неліктен ауылдан қашып кеттің?» – деп ойлап, итіне жақындау үшін аттан секірмек болғанында, таныс ды-

быс- ты естіп қалды. Қасқырдың ырылы! Бұрылған Бақытбек өзіне қарай екі қасқырдың жүгіріп келе жатқанын көрді. Ол бар даусымен айқайлады:

– Кет, кет, Оқжетпес! Қаш!

Бірақ иті бар болғаны иесіне қарап, қыңсылай берді. Бақытбек оны көтеріп алып шауып кете алмайтынын түсінді. Тым кеш еді. Кенет Оқжетпес атып тұрды да, қатты абалап, қасқырларды өз артынан ертіп, орманға қарай зулай жөнелді. Бақытбектің қаруы болмады – ол оны аңшылардың біріне берген болатын және аңшылардың артынан шауып барып, оларды көмекке шақырудан басқа амалы жоқ еді. Бақытбек пен аңшылар манағы қасқырлар шабуыл жасаған жерге келгенде, Оқжетпестің ізі суып үлгерген боп шықты.



Үйінде Бақытбекті жүкті әйелі мен қарт анасы күтіп отырды. Үйге оралған соң ол өзін қоярға жер таппай, тек бір-ақ нәрсе туралы ойлай берді: оның Оқжетпесіне не болды? Көзін жұмып, Бақытбек итінің қасқырлардан қашып бара жатқанын көрді. Айы-күні жетейін деп босанғалы отырған әйеліне қарағанда оның ойлары одан сайын мазасыз бола түсті. Оқжетпеске не боларын елестеткенде, Бақытбектің бойын үрей биледі.



Беймаза түнде Бақытбек көз іле алмады. Мектепте Бақытбекті мұндай құлазыған түрде алғаш көрген еді. Әдетте жинақы және қатал Бақытбек сабаққа мән бермей, ойлары алыста, басқа жақта болғандай боп көрінді. Тек бір оқушы мұғалімге жақындап, не болғанын сұрауға бел буды:

– Ұстаз, бүгін көңілсізсіз ғой. Сізге бірдеңе болды ма?

– Барлығың менің итім Оқжетпесті білесіндер ғой... –

Бақытбек аң аулауға барғанда не болғанын айтып берді. Балалар мұғалімді мұқият тыңдады, олардың Оқжетпеске қаты жаны ашыды, бірақ қалай көмектесерін білмеді.

Сабақтан соң кешке жақын Бақытбек итін іздеуге шешім қабылдады. Бірақ атына отырып үлгергенше болған жоқ, оған ескі досы Болат келді.

– Бір жаққа асығып барамысың? – деп сұрады Болат.

– Оқжетпесті іздеуге барамын. Кеше ол мені қасқырлардан құтқарды. Сосын жоғалып кетті. Оны табу керек, – деп жауап берді Бақытбек.

– Мен бірге барамын, – Болат делбені тартып, досының артынан шабуға дайындалды.

– Рахмет саған. Сарысудың жағасынан іздеу керек деп ойлаймын. Оқжетпес солай қарай жүгіріп кеткен. Бұталардың арасына жасырына алды деп үміттенемін...

Бұл әңгімені Бақытбектің шәкірттерінің бірі Ғали естіп, сыныптастарына айтып берді. Он шақты бала ит іздеуге көмектесеміз, бірақ оны ересектерге білдіртпейміз деп келісті.



– Ешкім байқап қалмас үшін өте тыныш жүруіміз керек, – деді Сапар.

– Мен өзенге қалай тез жетуге болатынын білемін, – деп қостады Ғали.

Балалар атқа мініп, Сарысу өзеніне қарай шаба жөнелді. Мұғалім мен досы Болат та сол жерде еді және дауыстап итті шақырып жүрді. Олар әр бұтадан, әр жырадан іздеді, бірақ ит еш жерде болмады. Сол кезде Бақытбек өзеннің жанында бұталардың астын қарап шәкірттерінің жүргенін байқады. Ол қатты ыза болды!

– Мұнда не істеп жүрсіндер?! Бұл жерде қауіпті! Сендерге қыста бұл жерге аяқ баспандар деп айттым ғой! Мұнда аш қасқырлар бар! Оған қоса аюлар!

– Біз Оқжетпесті табуға көмектескіміз келді, – деп жауап берді балалар.

– Бақытбек, уайымдама, – деп Болат досын жұбатуға тырысты да, балаларға бұрылып, ескерту жасады:

– Жақын жүріндер. Сен төртеуің менімен. Қалғандарың Бақытбекпен. Алысқа кетпендер!

Осы сәтте қасқырдың ұлыған даусы естілді.

– Бақытбек, – деп Болат досының көзіне қарап тіл қатты. – Қайту қажет. Мұнда балалар. Аздан соң қараңғы түседі. Біз тәуекел ете алмаймыз, жақын жерде қасқырлар бар.


Қайғыдан қан жұтқан Бақытбек Болатпен және балалармен ауылға қайта оралды.



– Не болды? – деп сұрады анасы. – Итті таптыңдар ма? Бақытбек тек басын шайқады.

– Көршілерге кеттік, олар бізді қонаққа шақырды, – деп күйеуін бауырына басып, тыныш қана сыбырлады әйелі. Ол бір кеш болса да күйеуінің назарын жаман ойлардан басқа жаққа аударғысы келді. Бақытбек әйелінің өзі туралы уайымдайтынын білетін, сондықтан келісімін берді.

Дастарқан басында бәрі күліп-ойнап, ас ішіп, әндетіп, шулап әңгіме айтып отырды, тек Бақытбектің бұған мұршасы болмады: ол кеш бойы итін ойлап, бір рет болсын тіл қатпады. Үйде Бақытбектің анасы Дина қалды. «О Аллаһ, менің ұлыма итті не тірі, не өлі күйінде табуға көмектесе гөр, тек оны қинамашы...» – деп қарт әйел ішінен дұға қылды.



Отбасы қонақтан келіп, Бақытбектен басқасының бәрі ұйқыға кетті. Күн шыққанша тағаты таусылып, қаруын алып, тағы да итін іздеуге өзенге қарай шаба жөнелді. Діттеген жеріне жеткенде Бақытбек өзенге қарай түсіп, қайтадан бұталарды, жыраларды шолды, қарағайлардың арасымен жүрді, әр шыршаның астын қарады... Оқжетпестің ізі әлі де көрінбеді...



Содан кейін Бақытбек кішкене биікке, тауға көтеріліп, өзен ағысына қарсы жүруді жөн көрді. Ол тауда аюлардың мекендейтінін білетін. Оқжетпес, тіпті, бірнеше жыл бұрын қонжықты құтқарған еді. Оған қауіп төніп тұрғанын көргенде өзенге секіріп, оны тістерімен ұстап, жағаға шығарды. Үсті- басы су болған сол қонжық неткен қылықты еді... Оқжетпес қонжықтың жағдайы дұрыс екенін білу үшін оны айналып өтіп, қарап шықты.

Итін есіне алған кезде Бақытбек жымыып қоя берді... Ол әрмен қарай жүріп, таумен биікке көтерілді. Кенет мұғалім аспанда ана бүркітті көрді, ол бір бұтаны айналшықтап, төменге қарай қалқып түсе берді. Бақытбек Досжан атаның әңгімелерін есіне түсіріп, сол жерге қарай асықты. Дәл сол бұтаның астында қасқырлар жаралаған Оқжетпесі

жатыр екен. Мұғалімнің жүрегі сыздап кетті: оның артқы табандары қатты зақымданған! Бірақ ол тірі боп шықты!



– Оқжетпес! – деп айқайлады Бақытбек, итіне жақындай бере.

Иесін естіп, ол әрең көздерін ашты. Мұғалім оны құшақтап, бауырына басты.

– Күшіктерің қайда, Оқжетпес? Оларға не болды? Мен сені үйге апарамын, бәрі жақсы болады... – дірілдеген даусымен Бақытбек өзінің сүйікті итіне тіл қатты.

Иесі оны абайлап қолына алған кезде ол аянышты қыңсылап жіберді. Ит жыра жаққа қарап, әлі жеткенше қолдан босап шыға бастады. Ал Бақытбек өзіне адал Оқжетпесі ұмтылған жерге қарай жүрді. Жыраның тереңгі жағында бұталар қатты мыжылып, бұтақтар сынған екен, ал жерде ол қанмен аюдың үлкен іздерін көрді. Сол жерден жіңішке шиқыл естілді... Онда жаңа туған күшік жатты!



Бақытбек не болғанын түсінді: қасқырлармен болған шайқаста Оқжетпес күшіктей бастады, ал қасқырлар оның күшіктерін бір-бірден алып кете берген. Ит берілмеген, ол батыл айқасқан, бірақ күштері тең емес еді. Кенет қасқырларды үркітіп жіберген аю пайда болған. «Аю итті танып, оған тиіспеген болар, – деп топшылады мұғалім. – Ол бір кездері Оқжетпес өзеннен алып шыққан сол бір қонжық болуы керек. Менің батыл итім күшігі аман қалуы үшін оны өзінен алшақ, жыраға қарай итеріп жіберген. Ал Оқжетпе-

стің өзі қасқырлар қайтып оралса, олар күшікті таппауы үшін басқа жаққа қарай жылжыған».



Бақытбек Оқжетпесті қаттырақ бауырына басып, күшігін көтеріп, атқа отырды да тездетіп ауылға қарай шаба жөнелді. Үйіне жеткен соң, ол тағы бір жақсы хабарды естіді. Оның әйелі босаныпты!



– Ұлым менің, сен әке атандың, – анасы оны кіреберістен қуантты. Ал әйел Бақытбектің қолындағы Оқжетпес пен оның күшігін көрген кезде қуана тіл қатты: «О Аллам, менің дұғаларымды естігеніңе рақмет! Бір күнде қаншама қуанышты жағдайлар!»

Болған оқиға туралы көп ұзамай бүкіл ауыл білді, әсіресе, Оқжетпестің құтқарылғанына Бақытбектің оқушылары

ерекше қуанды. Олар ит пен күшігінің хал-жайын білуге келіп жүрді, оларға күтім көрсетті. Уақыт өте берді, Оқжетпес күш жинап, күшігі өсіп қалды, болған жайттар қорқынышты түс секілді ұмытыла бастады...



Бір жылдай уақыт өтті. Оқжетпес ұлымен бірге Бақытбектің үйі мен малын күзетті: бөгделерді жақындатпады, өзінікін мұқият қадағалады. Бірде түнде Бақытбектің ұлы

үлкендерге ұйықтауға кедергі келтіріп, қатты жылап, еш тынышталмады.


– Ұлыңның тістері жарып келеді, – деді Бақытбектің анасы Дина. – Маған беріңдер, мен оны тербетейін.

Ол немересін тербетіп, оған әндер айтты, содан соң сәби тынышталды. Шаршаған Дина немересін құшақтап, көрпенің үстінде ұйқыға кетті.




Бірақ таң атып, киіз үйде барлығы ұйықтап жатқан кезде

күннің алғашқы жарқын сәулелері сәбиді оятып жіберді. Ол көзін ашып, ақырын еңбектеп киіз үйден аулаға шықты.



Аулада ол бір бейтаныс итті байқады. Ақырындап жүріп, ол Бақытбектің ұлына қарай беттеді. Сәби гулеп, оған қарай қолын созды – өйткені ол иттердің зиянын тигізбейтінін білетін! Осы кезде аулаға ұлымен бірге Оқжетпес жетіп келді. Ертемен олар айналаны қарап шығуға кеткен, бірақ бөтенді сезгендей артқа қарай ұмтылған. Иттер қатты үре бастады, ал сәби қорыққанынан жылап жіберді.



Айқайдан оянған Бақытбек аулаға жүгіріп шығып, итердің үлкен сұр қасқырға бас салып жатқанын көргенде үрейленіп кетті. Оның баласы шетте қатты жылап отырды. Мұғалім баласына жүгіріп барып, оны бауырына басып, кері киіз үйге қарай ұмтыла беріп артқа қарады. Бұл қорқынышты көріністі ол ұзақ уақыт ұмытпады: ауыздары қансыраған Оқжетпес пен ұлы жеңілген қасқырдың үстінде тұрды.

